



**КИБЕРҚЫЛМЫСТАРДЫҢ  
АЛДЫН АЛУ  
ӨЗЕКІ**

2-бет



**ПАВЛОДАР  
«МАНЬЯГІ»  
ҚАЛАЙ  
ҰСТАЛДЫ?**

8-бет

**ҰТЫСТАН  
ҚҰР  
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болынып! Бастау сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!** Бұдан бөлек: Айфонның құлақабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорыш, үтіг сөліді көптеген түрмистік техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Зан» медиа-корпорациясының «Колдауымен жарыққа шықкан «ШыТЫРМАН» шығармалар жинанына ие болады.

**ҰТЫСКА ҚАТЫСУ  
ҰШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Зан газетіне» (индекс – 65921); «Ориди-ческая газета» (индекс – 65928); «Зан» журна-лына (индекс – 75849); «Фемида» журнальына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, тубіртектің көшірмесін бізге жолдасаныздар болғаны!

Екі басылымға жа-зылғандардың мүмкін-діргі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 28 МАУСЫМ – журналис-тер күні анықталады.

Ал, іске сәт!



# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№29 (3560) 18 сәуір 2023



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## СҰРАФЫ КӨП СУБСИДИЯ



Субсидиялаудаң бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесінің дұрыс істемеуі салдарынан 40 мың фермер субси-диясыз қалуы мүмкін. Осыдан қауіптенген бірқатар аймақтағы дихандар ереуілге шықпақшы екен. Бұл бер жағы. Егер тез арада шара қолданылмаса мұның арты азық-түлік өнімдерін өндіруде іркіліс тудырып, олардың бірқата-рының тапшылыққа айналуымен қатар, бағасының да есүіне алып келеді. Мәселенің осындай деңгейде ушығуы жайлы өткен аптада Парламент Мәжілісінде өткен дөңгелек үстел барысында айтылды.

(Соңы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

**Раушан ШӘМІЛ,**  
ҚР Туризм индустриясы үлттық  
қауымдастырының президенті:

**«ЖАРНАМАҒА  
АЛДАНЫП ҚАЛАТЫН  
САЯХАТШЫЛАР  
АЗАЙМАЙ ТҮР»**

– Раушан Шәмілқызы, сұх-  
батымызды турист немесе сая-  
хаты деген кім деген сауалдан  
бастап, оның қоғамда алатын  
орнын анықтап алсаң!

– Турист деген сөзге түсінкіте-  
ме берер алдында алдымен 2001  
жылы қабылданған еліміздегі туристік  
қызметтің құқықтық, экономикалық,  
әлеуметтік, үйімдік негіздерін бел-  
гілейтін «ҚР туристік қызмет туралы»  
зандағы реесі анықтамасына тоқта-  
лып етейін. Онда туристке – уақыта  
болатын елге (жерге) 24 сағаттан бір  
жылға дейінгі кезеңге келетін және  
ақылы қызметпен айналыспай, сол  
елде (жерде) сауықтыру, танымдық,  
қәсіби-іскерлік, спорттық, діни және  
өзге де мақсаттарда кемінде бір рет  
тунейтін жеке тұлға деген анықтама  
берілген. Ал туризм – туристік тұрақты  
тұрғылықты жерін ауыстыруға байла-  
нысты емес саяхатта уақыта болуы  
деп түсіндірлген.

Енді оны қазақи ұғыммен түсін-  
дірлер болсақ, «Атың барда жер таны  
желіп жүріп, асын барда ел таны  
беріп жүріп» деген тәмсіл бекер ай-  
тылмаған. Радио мен теледидар, теле-  
фон, интернет жоқ кезде де адамдар  
өзге жұрттың жаңалығын біліп, оның  
мәдениеті мен енерінің жетістігінен  
хабардар болып отырған.

(Соңы 4-бетте)

МӘСЕЛЕ

## ЖАМАН НӘРСЕНИҢ ЖАЛАУЫ ЖЫЛДАМ ЖЕЛБІРЕГІШ

Осы күні тосын әрі адам баласына жат әрекеттер қоғамда жиі орын ала бастады. Қоршаған ортадағы жаңалықты айна-қатесіз көрсетіп беретін әлеуметтік жөнілірдің бетінде небір сұмдықтар қаптап жүр. Жат көріністің көптігі соншалық, қайсыбіріне тіпті селт етпейтін де болдық. Меніңші, осының, бәрі тым «ашықтық» салдары. Біздің тыйым мен тағылымға толы қазақи тәрбiemіз бірте-бірте табалдырықта қалып, бөгде елдің бөстекі тірлігі ес-акылымызды алып, ой-санамызды сансыратып тастады.

Бұрын арманына жету үшін адамдар тал-  
пынайтын, еңбектегетін. Қазір бәрі қолжетімді.  
Киналудын керегі жоқ. Бұрын құпия көрін-  
ген нәрсеге қызығушылық жоғары еди. Қазір  
бесіктен белі шықпаған баланың өзі ерте-  
гіге сенбейді. Бұрын сыйырлап та айтты-  
майтын сөздер болатын. Қазір түйсікпен

ғана сезінің тиіс нәрсенің өзі жүртқа жария.  
Бұрын кеңестік қысымшылықтан зардал шектік деп, демократияны аңсадық. Бірақ, сөз бостандығы еркін ойлылықтан еркінсуге ауысып, охлократияға ұласты. Бұрын үлкенді кіші сыйлайтын, кішін үлкен тыңдайтын. Қазір кішілер көрілердің бетінен алып, төсіне шаба-

тын, үлкендер кішіні баласынып, жерден алып, жерге салатын тенденция етк алды.

Осылайша азғана уақытта шетелдің өркениеттің менгереміз деп, өзіміздің үлттық көркем ниетімізден айырылдық. Бұғын жағдайға қарап отырып қылмыстық істер кодексінен өлім жазасын алып тастағанымыз дұрыс болмады ма деп ойлаймын кейде.

Осыдан аз-ак жыл бұрын бүкіл елді дүрлік-тірғен сәтбаевтық педофилдің жантүршігерлік зорлық-зомбылығы қалай естен шықпайды? Ен ауыр үкіммен түрмеге қамағаннан педофилдердің ауызындағы мүмкін бе? «Өмір бойы бас бостандығынан айырылу» арқылы кісі өлтірген қылмыскерлер қатығездіктен тыбыла ма? Мемлекеттік «асырауымен» абақтыда күн-нелтіп жатқан олардың жауыздыры «жазылып

кететініне» кім кепіл? Шегін алып дүниенің астан-кестенін шығаратын нашақорларды да «емдел», «қамқорлығымызға алушадамыз». Адекватты емес қылмыскерлер қаншама? Тер-роризмге шалықтаған содырлардың жанкеш-тілігіне қандай дауа бар? Тізе берсек, зұлымдытын шұшы-қыры жоқтай. Қайтпек керек?

Озінің өзегінен шыққан үш болапаның өмірін қыған (әке деген аттан садаға кетсін) ақтаулық әкенін ісі осындай кесептартардың ең сорақысы. Діни ағымның жетегінде жүрген жан болса, оған тіпті кешірім болмауы тиіс. «Аюға наам үйреткен тақ» деген сез бекер айтылмаған. Өлім жазасын қолданысқа енгізу керек. Бір-әкі қылмыскерді дүрелеп емес, ажал аузына жүрелеп ақелсек, есалан заманда есір-гендер, жан керек болса, есін жылдам жиар ма еді, бәлкім. Содан кейін, ата-дәстүрдің ізіне түсіп, бабалар салған тұзу сұрлеуді қайта тапсак, алғы «өлім жазасын» көзі келген уақытта өзгерте салу қын емес.

Қалай дегенде де, үш баласын өз қолымен өлтірген жауыз әкеге жұмысқытық танытуға болмайды.

(Соңы 8-бетте)

КЕКЕЙКЕСТІ

## КИБЕРҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ӨЗЕКТІ



Киберқылмыстардың, яғни, компьютерлік қылмыстардың шығу тарихы 1960 жылы американдық басылымдарда жарық көре бастады. Кейін басқа елдердің әдебиеттерінде қолданылды. КСРО кезінде ең бірінші Вильнюсте 1979 жылы 78 584 рубль көлемінде ақша қаражаты компьютерлік тәсілмен ұрланғаны тіркелді. Кейін Париждеге 1983 жылы өткен Халықаралық ынтымақтастық және даму үйімі мамандарының басқосуымен криминология галымдарының киберқылмыстарға құқықтық баға бергені, Қазақстан Республикасы ҚҚ-нің 1997 жылғы редакциясында аталған қылмыстық жауаптылық қаралғаны баршамызға мәлім.

Қазіргі кезде қоғамдың денедеп бара жатқан, оңай жолмен ақша табудың терминологиялық түсіндірмелеріне тоқталар болсақ, кибернетика сөзі көне гректің «басқару енері» сөзінен кейін ағылшын терминіне кешкен «cybernetics» яғни, басқару жүйелеріндегі ақпаратты алу, сактау және өндөу ісінің жалпы заңдылықтары туралы ғылым ретінде танылды.

Компьютерлік қылмыстардың ресейлік ғалымдар 3 түрде бөлді:

Бірінші, ақпаратқа, ақпараттық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізу. Бұл біздің Қылмыстық кодекстің 2014 жылғы редакциясында 205-бапта қамтылған;

Екінші, зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану мен тарату (ҚР ҚҚ-нің 210-бабы);

Үшінші, ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінін ұжымысын бұзу (ҚР ҚҚ-нің 207-бабы).

«Қазақстан Республикасы құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлықтың 4.5) тармағында Президент жалпы құқық жүйесіне тән кейір институттарды ойланып, айайлап енгізе отырып, қазақстандық құқықтың бәсекеге қабілеттілігін өдан әрі арттыру міндепті тұрғанын атап өтті: «Смарт-келісімшарттар және электрондық коммерция (e-commerce) туралы заңнаманы жетілдіру тұтынушылардың қатысуымен болатын құқықтық қатастынарды қоса алғанда, шарттық құқықтық қатастынарда қатастышылар құқықын қорғаға бағытталуы тиіс» деп көрсетті.

Алайда, қазіргідей ғаламтор желісінің колжетімділігіне сәйкес алаяқтық қылмысын кибер әдіспен жасау күн санаға есіп келеді. ҚҚ-нің 190-бапта 2-бөлігінің 4) тармағымен, яғни, ақпараттық жүйені пайдалануыны алдау немесе сенімін теріс пайдалану жолымен бөтен мүліктіiemden қылмыстарының бірі ашылғанымен, ашылыш жатқаны жетерлік. Ондай қылмыстың құрбаны болған адамның езі шік істер органдарына жүргінуге құлықсыз, себебі, арыз берудің әүреспі көп. Ол аздай, арыздаңын аяқсыз қалатынын халық түсінген. Бұндай осал тұсты пайдаланған алаяқтар адымын алшақ басып, оңай ақша табу үшін күніне бірнеше жаның картасындағы ақшасын, телефондағы бірлігін, киби әмбияндағы электронды ақшасын ғаламтор дүкендерінен зат алғанын немесе әлеуметтік желіні пайдаланып, қажеттіліктерін алу үшін тапсырыс берген кездерін пайдалана отырып, дамылсызын тонап мазасын қашыруды. Қазіргі таңда халықты бір ғана ой мазалайды, ол «даудың басы Дайрабайдың көк сиры» деп жүрмей, «онай да тиімді жолмен қолды болған ақшасын кері қайтару». Бұл

қылмыстың жолын кесуде жоғарыда аталған орталықтарға халықта тиімді сенім телефондарын орнатып, жәберленүшіден қонырау келіп түсken кезде, ондағы бағдарламашы мамандар құқық қорғау, банк, ақпараттық қызмет көрсету, байланыс орталықтарындағы базаларға ене алатынайды, өзара байланыста болып, түсken мәлімет бойынша электронды ақшаны алған адамды тауып, аударылған шотты үбіғаттап, ақшасын қайта шотына салатындау үәкілділікте болуы, яғни, «темірді қызған кезінде соғу» амалын қолданып, әрі қарай жәберленүші азаматтың құқық қорғау органдына арыз беру құқығын өз еркіне қалдыруы қылмыстың алдын алуға көмектеседі. Бұдан киберқылмыстар жойылып кетпегенімен, саны төмөндері сөзсіз. Қоғамды жайлаған дерптен қоғам болып күресу, тентекті жөнге салу құқықтық саясатты дұрыс реттеуден басталады.

**Элизавета АТЧИБАЕВА,  
Байқоңыр ауданы  
№2 сотының судьясы  
АСТАНА ҚАЛАСЫ**

БІТІМ

Ағайын арасындағы дауды татулықпен шешу, түрлі кикілжіңдерді бейбіт жолмен реттеу біздің би бабаларымыздан қалған тамаша үрдіс. Сол тарихи құндылықты жаңғыртуға «Медиация туралы» заң септігін тигізді. Медиация институты үлкен даму баспаңдағынан өтті. Әр бұл ілгерілеудің бастауында сот саласы тұрғанын ерекше атап өткен жөн.

Дың келісімі қос тарапқа да ыңғайлы. Дауды сот арқылы шешкісі келгендер жұмыстардан сұранып, басшының көзіне туследі, негізгі шаруасын тастап, табысынан ажырайды, отбасын үміттіп, шаңырақта салқындық тұындауына себепші болады. Одан ғорі бітімге

## «ЕЛ ШІНДЕ ДАУ КӨБЕЙСЕ, ЕЛ СЫРТЫНДА ЖАУ КӨБЕЙЕДІ»

Медиацияның қолданысы кеңеюін үшін ең алдымен ақпараттық, насиҳат жұмыстары колға алынды. Республикада барлық сот ұжымдары, судьялар жаңа заңды таныстыру, тиімді тетіктерін түсіндіру бойынша кешенді шараларға мұрындық болды. Екіншіден, кесіби және кәсіби емес медиаторларды көпшілікке таныстырган да, халық пен медиаторлар арасында алтын көпір болған да – соттар. Елге сөзін еткізе алғын, тараптарды татуластыруға ықпалы, қабілетті бар жандарды медиаторлықта тартып, олардың танылуы үшін сот фирмаратынан арнайы бөлме, бұрыштардың берілгеніне де жұртшылық күә. Осының бәрі өз кезеңінде медиация үғымының халық санасында біртіндеп орнығына себепші болды.

Шіншіден, сот саласы әкімдік, кәсіпкерлер палатасы, кәсіподак үйімі, ассамблея өкілдерімен меморандум жасауға бастамашы болып, екі жақты көлісімнің нәтижесінде әр өнірде ардагерлер алғасынын, Билер көнесінің құрылуына, мықты медиаторлар шоғырының қалыптастыруна үқпал етті.

Төртіншіден, медиацияның қолданысын кеңейттеп таңдақ механиздердің енгізілүіне сот жүйесі бірден-бір себепші бола білді. Осындағы кешенді іс-шаралардың арқасында бүгіндегі медиацияның қолданып мәмілелеге келушілер қатары да есе түскен.

Бірақ соған қарамастан, маңызды институттың артықшылығын жүртқа түсіндіру, таныстыру жұмыстары бір сәтте тоқтамау керек. Өйткені, медиацияның тәжірибелеге енгізуі өзі қаралайым халықтың даулы істерін жедел, тиімді, оңтайтын

келсе осы кедергілердің біріне де кездеспестін тәжірибе көрсетіп отыр.

Сонымен бірге, сот процесі өткенде сот актісінің дер кезінде орындала-рын кепілдік жоқ. Ал медиацияның көлісімде бажды қайтарып алуға мүмкіндік тұып қана қоймай, қос тарап өз қалауымен ортақ көлісімге келетін-діктен өзара бекітілген талаптың да орындалуы тез. Сотта өзінін дұрыстырыында дәлелдеу үшін қаншама құжат жинаң аүреге түсетінің белгілі. Медиаторлардың көмегінән жүгінгендер қағазбастилықтан арылады. Өйткені, тараптар арасындағы көлісім өзара сенімгерлік сипаттында өтеді. Тәжірибе барысында өз тиімділігін толық дәлелдеген медиация институтын әрі қарай жандандыру барша-мұздың парызымыз.

**Дәурен ТІЛЕУБАЕВ,  
Бостандық аудандық  
сотының тәрағасы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

шешүге бағытталған. Ал жеделдік пен тәңкүқылықтың, еріктілік пен құпиялықтың кілті медиацияда екені түсінікті. «Дау құған бәлеле жолығады», «Дауласқан елде бірлік болмайды» дегендеген бабаларымыз тегін айтпаған. Сондықтан, біз ғұл институттың артықшылығын елде ғынтымақты сақтауымен байланыстырылғанымыз жөн.

Медиация – уақыт жағынан да үтімді. Мұны дауын медиатордың, судья-татуластырушының, адвокаттың көмегімен шешкендеген жақсы білсе керек. Себебі, дауды сот арқылы шешу көп уақыттың қажет етеді. Сот актісінде жағында тағы тиғенше апта, ай емес, тіпті жыл етүі мүмкін. Ал нағыз пайда табар, табысын еселеңдер уақытта дау қуып сотта журу ешбір азamatқа абырай мен береке әкелмейді. Осы тұрғыдан алғанда екі тараптың тендей тыңдау отырып, даудын тоқетер түйінін тарқатып, ортақ мәмілелеге келтіретін медиатор-



СУДЬЯ МІНБЕРІ

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТЕГІ МЕДИАЦИЯ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізілгеніне 2 жылға жуық уақыт өтті. Бұл кодекстің маңызды жаңалықтары жеткілікті. Соның ішінде әкімшілік әділет институты жа-рия-құқықтық даулардың оңтайтын, сапалы шешілүінен тікелей түрткі болды.

Бұдан бөлек, әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес талап арыз берілген сәтten бастап іс сотта қозғалған болып есептеледі. Құжатқа сүйене отырып азamatтар өз талабының дұрыстырығын дәлелдеп азар болмайды. Себебі, дәлелдеу ауыртпалыры мемлекеттік органдар жүктелген. Ал сот барысында мемлекеттік органдар өз шешімінің заңды және негізідегі екенін дәлелдей алmas, істе женеліді. Кодекстің басымдықтары судьялардың тараптарға көмек ретінде жекелеген құқықтық маселелер бойынша алдын ала өз пікірін айтудына жол ашты. Әсіресе, құжаттың мемлекеттік органдар жұмысын реттеуге пермені зор. Соның ішінде процестік мәжбүрлеу шарасының бірі ретінде ақшалың өндіріп алудың енгізілүі құзырылы орнынан жағынан жолға қояға ықпал етеді.

Жана кодекстегі ең тиімді өзгерістің бірі – мемлекеттік органдар дау кезінде тараптармен татуласуға мүмкіндік алды. Мүндай мүмкіндік осыған дейін мемлекеттік органдарда болған емес. Тіпті, бұрын мемлекеттік органдармен көлісімге келуге тікелей тыйым салынған болатын.

Ал, қазіргі әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс олқылықтың орнын толтырып, тараптарды татуластыруды судьяның басты міндеті ретінде көрсетіп отыр. Соңдай-ак, аталған кодекстің 120-бабының 8-тармағында, сот тараптардың татуласуы үшін шаралардың қабылдайтын, оларға дауды процестін бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі деп анық көрсетілген.

Жаллы, Президент Қ.Тоқаев өзінің әрбір жолдауында дауды өзара көлісімге келе отыра шешу, дауқестікта азаиту маңызды екенін айтып көледі. Жоғарыдағы бастама да осы тапсырмаларды оңтайтын орындау үшін қолға алынған шараның бірі. Мемлекеттік органдардың қатысуымен медиациялық және басқа да татуласу көлісімі жасалуы үшін ең алдымен әкімшілік қалau болу керек. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120-бабының 1-бөлігіне сай, тараптар жол беру негізінде

**Гүлім МҰҚАНОВА,  
Алматы қаласы мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік сотының  
судьясы**

БҮГІНГІН БАС ТАҚЫРЫБЫ

# СҰРАФЫ КӨП СУБСИДИЯ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жынын белгілі деңгейде Мәжілістің жаңа құрамының кәсіби дайындығын, халықтың муддесіне жанашырылған деңгейн көрсеткендегі болды. Расын айтқанда, депутаттардың мәселені бүге-шігесіне дейін талдауы, өзекті тұстарын айқындауы, талап етудегі біліктілігі, батылдығы қуантты. Тек қазақшалары жетік бола тұра, кейірінің көбіне орыс тіліне иек артқаны қынжылтқаны болмаса, туласымен алғанда жынында сұрағы көп субсидия мәселесінің былайы жүртқа көріне бермейтін біраз сырьы ашылды. Айтылған әнгімден ұққанымыз, мәселе субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесін жаңа платформада ауысынана орай туындалған отыр екен.

Жынында алдымен сөз алған палатадағы Республика Фракциясының төрағасы Айдарбек Хожаназаровтың айтынуынан, қазіргі таңда субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі дұрыс жұмыс істемей тұр. Мұнын атпа сайын келетін жұзедеген хат көрсетіп отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы үақытқа дейін жүйе қалыпты жұмыс істеп тұр, барлық мәселе шешілген деге сендірғен. Бірақ, нақты жағдай өте мүшкіл. Мәселен, ҚР қазіргі кезде субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы 6,1 млрд теңгеге 1,5 мың әтінім макұлданған. Бұл 2022 жылдағы көрсеткіштің небары он пайызын ғана қамтиды. Ол кезде 57,5 млрд теңге сомасына әтінім макұлданыпты. Ал, бұгандегі фермерлердің 90 пайызы тиісті төлемдердің алмағы, сонын салдарынан ел экономикасы 51,4 млрд теңге қаржыдан қарылуы мүмкін. Бұл жылдың басындағы жағдай, егер жүйенің жұмысы осылай жағдаса беретін болса, онда 12 ай қорытындысы бойынша 287 млрд теңгениң (2022 жылғы көлем) небәрі 31 млрд теңгесін ғана төлейді. Бір қарағанда бұл жай ғана сандар болуы мүмкін. Алайда, бұл жағдай фермерлердің, бизнес үйімдермен мен жұмыс орындарының қалыпты өндімді жұмысының кеппілдігі. Қайталап айтқақ, 40 мыңнан астам ауыл шаруашылығын өндіруші болжамды тұрда 256 млрд теңге көлеміндегі тиісті төлемін ала алмағынан. Ауыл шаруашылығы министрлігінің жетілмелеген жүйенің іске қосу бойынша жауапсыз шешімі осынан жеткізеді.

Мұнын сұртында министрлік ұсынған статистика бойынша жаңадан қосылған gosagro.kz жүйесі 60 млрд теңге сомасында 1,8 мың әтінімді немесе қаржыландыру көлемінің 37 пайызын көріп көтіпсіз. Қалыптасқан тәжірибелеге сай мұндай әтінімдер 1 пайыздан аспауы тиіс болса, бұл да жүйе жұмысының толыққанды жетілменін көрсетеді.

Бұгандегі несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау ең өзекті мәселелердің бірі. Бұған жақысты министрлік өкілдері бұған дейін қолданыста болған Qoldau.kz платформасындағы деректерді осы жылдың наурызының соңына дейін ала алмағанын айтады. Сонын салдарынан министрлік ылдырылған әтінімдерді төлей алмай жағыр-мұс. Ауыл шаруашылығы министрлігі қалай ақтап да, зардапын фермерлер көріп жағыр. Фермерлер шын мәнінде шығынға батуға мәжбүр. Олар мәселен, 45 млрд теңгеген айналым қаражатынан алып, мемлекет женілдетуге міндеттеген несиелерді төлеуде. Жалпы, пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға арналған жағдай көлемі – жылна 90 млрд теңге. Тиісті төлемдердегі 4 ай бойы теленбей жатқандықтан, осы уақыт ішінде фермерлер несиелер бойынша толық мөлшерлемені – 20-25 пайыздан өтеп жағыр. Болжам бойынша бұл жағдай жарты жылға созылады, демек фермерлер несиелер бойынша ауыртпалықтың бәрін өз мойнына алады.

Бұл жағдайда өнірлердегі ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлері де бағдарсыз. Олар жаңа жүйе бойынша оқытылмады. Көптеген кемшілікке байланысты әтінімдер ретсіз мөлшерде ауыл шаруашылығы басқармаларына түседі. Әтінімдердің қайтарып алу мүмкіндігі қарастырылмаған. Нәтижесінде, басқарма мамандары мемлекеттік қызметтер туралы заңданаманы ғылыми барады. Соңда министрлік тәжірибелі қайда деген сұрақ туындаиды.

Фермерлердің әтінімдерін саралау барысында түткілдер инвестициялық салындар, тыңайтқыштар, тұқым бағасын субсидиялау бағыттарына әтінім беру функционалы бойынша туындағанын көрсетіп отыр. Жер телімі қожалықтардың жеке салық һөміріне бекітілген шағын фермерлер үшін әтінім беру мүмкіндігі мұндағы жок. Ал Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарында мұндағы фермерлердің саны көп. Соңдықтан жағдай тез арада реттелуі керек.

Одан соң сөз алған депутат Болатбек Әлиевтің айттынша, бұл мәселе Мәжілістің бұған дейінгі шақырылымында да көтерілті. Жалпы, Qoldau.kz платформасын қолданғаны үшін жылына ірі бизнес нысандары 11 АЕК, шағын бизнес жылына 3 АЕК көлемінде ақы төлөп келген екен. Енді бұл қызмет арзан болуы керек деген ұранмен мемлекеттік қаржысы есебінен жүзеге асырылады. Яғни, бұрын ол үшін тек АЕК

нысандары төлесе, енді бұкіл ел төлөп жатыр. Жаңа платформа әткен жылдың сәуір айында қосылған болатын. Қызметтің жақсаратынынан үміт болған. Алайда, содан бері бір жыл өтсе де мемлекеттік платформа жұмысы мардымсыз. Шаруалар бұрынғымен жылап көрсетіп күйде. Құзырлы орын барлық кемшіліктерді соған телиді. Ондағылардың айтуынша, ескі платформа тарихи мәліметтерді үақытында бермедині. Онымен бірге жұмыс істейміз деген де әңгіме айтылған. Алайда, бұл жоненде қабылданған ресми шешім жоқ. Жаңа жүйе бұл салада монополия құрып отыр. Сонын айғағы осы кезеңде дейін нақты мәліметтердің берілмейі. Оларда қазіргі ауыл шаруашылығы колемінің балытырыдан 9,2 пайызға артқаны ескерілмеген. Qoldau.kz платформасында енгізілген әтінім саны 300-ден 1000-ға дейін болса, жаңа жүйеде оның саны 30-дан аспай отыр. Бір га жерге берілтін субсидиянын нормасы да тиісті деңгейге сәй емес. Мысалы бірга 150 кг тыңайтқыш қажет болса, оның көлемі 80 кг деңгейнде белгіленген. Бұл ертеңгі күн шаруалардың қажетті тыңайтқышты алу үшін сандарды екі есеге көбейтіп жазуына алып келеді. Оларға жаңа платформаның қыр-сырын оқыту да назардан тыс қалып отыр. Бұл шара кейір өнірлерде енді-енді басталып жатыр. Тоқтеперин айтқанда, құзырлы орын ауыл шаруашылығы эксперимент алаңына айналдырып отыр. Мұның салдары 2023 жылдың соңында елде азық-түлік тапшылығының тууына алып келері сөзсіз.

Жигули Дайрабаев министрлік мәселені қолдан күрделендіріп отырғаны айтты. Оның сөзіне сүйенсек, шын мәнінде субсидия әтінім беру кезінде негізгі егіс алқаптары бойынша деректерді «Қазақстанға ғарыш сапары» АҚ-да тіркеу қажет. Өткіншік орай бұл жұмыс өтө баяу жүрүде. Себебі, онда 4-5 адам ғана бар. Бір қызметкерге бірнеше облыс жүктелген. Әрбір облыстар мындаған деректердің көліп түстенін ескерсек, жұмыстың ұзак үақытқа созылатын түрі бар. Осының айтқан Дайрабаев мырза жынына қатысын отырған Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауовтан неліктен осы үақытқа дейін «Қазақстанға ғарыш сапары» АҚ мен бірге кадастрылұқ номерлер негізінде әткен жылдардағы егіс алқаптардың тарихы бойынша деректерді автоматты жүктеу мүмкіндігі пысықталмағанын сұрады. Бұл шара жүйенің барлық функцияларын женілдетіп, адамға факторлардан болатын келенсіз жағдайлардың алдын алатын еді. Ақиқатында кезінде барлық жер телімдерінің мемлекеттік актісін жасауға 60-100 мың теңге аралығында ақша төледі. Енді оның қайта тіркеуті үшін бір шаруадан кем дегендеге 4-5 млн теңге ақша шығады. Қазір олар осыған ашынып жатыр. Мұның аяғы ереуілге ұласып кету мүмкін.

Дайрабаев мырза ортага салған мына мәселе де ойланырып тастады. Оның сөзінен түйгініміз бұгандегі фермерлер картаны қолданыпты, субсидия алды деген құзырлы орындар мәлімдемесі терен зерделеуді қажет етеді. Өйткені, бұл шын мәнінде қылғыла сыймайтын әрекет. Егер осындағы жағдай шынымен орын алса, айыпкерлердің растау үшін қосыншадан нотариусқа бейнебайланыс арқылы қонырау шалу; белгіленген тариф бойынша нотариус қызметтің төлеу; «Цифрлық сенімхат» онлайн режимде клиент пен нотариустың бейнебайланысы арқылы рәсімделеді.

Цифрлық сенімхатты алу үшін: eGov Mobile қосымшасына кіру

алдық көнсерлер мен басқа

да нотариалдық әрекет жасайтын органдары жоқ әскери бөлімдер, құрамалар, мекемелер және әскери-оқу орындары орналасқан мекендердегі

алдық көнсерлердің қызметшілердің

әскери-оқу орындарының қо- мандирлері (бастықтары)

куәландырылған әскери қызметшілердің

сенімхаттары; сондай-ақ, жұмысшылар мен қызметшілердің отбасы мүшесілері

мен әскери қызметшілердің отбасы мүшесілері

орындарынан ғана қызметшілердің отбасы мүшесілері

бастықтары; көнсерлер мен басқа

орнадардың қызметшілердің отбасы мүшесілері

бастықтары; кө

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ЭҢГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оған ел мен елдің арасындағы сауда-саттықтан бөлек, білім-ғылым іздел әлемді шарлайтын саяхатшылардың да қосқан үлесі мол болды.

Жалпы, қай дәүірде, қай елде болмасын жолаушыны жатын орын, ішер аспен қамтамасыз етіп, баратын жеріне жөн сілтеп, шығарып салу кез келген адам үшін бұлжықыас қағида болған. Тіпті, жолаушының қондырымай, дұрыстап күтіп алмаған жаңын өзіне ғана емес оның бүкіл ауылын ат-шапан айып төлеть дәстүрі біздің халқымызда XX ғасырға дейін сақталып келген. Қонақ күтіп оның әдебі бізде әлі жойылған жоқ. Ол бүгінде үлттық мәдениеттің бір бөлшегі ретінде бағаланып жүр. Сондықтан құдайы қонақпен деген келген адамға, әсіре-се, ауылдық жерде қөрсетілетін құрмет пен қосмет елі де өзгерген жоқ. Әлі қунғе дейін бала-шағаның аузынан жырып, соған малының кәделі жілігі мен дастарқанға салатын тәттісі мен дәмдісінің бір бөлігін бұл «құдайы қонақтын еншісі» деген сақтастырып ата-әжелеріміз аз емес. Өйткені, аз отырып, көп сынайтын мұндай қонақтар жүрген жерінде көрғен жақсылығының есесін еселеп қайтарып, елдің және оның адамда-рының даңқын алыска таратады. Бұл иғі дәстүрдің жалғасуына туризм саласының қосып жатқан үлесі зор. Мәселен, қазір бүкіл әлемде экономиканың ең қарқынды дамыған келе жатқан саласы осы туризм болып отыр. Ол дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің 10-40 пайызын қамтамасыз етеді. Сондықтан Қазақстан да 2025 жылға қарай оны кем дегендеге 8 пайызыға жеткізуі алдына мақсат етіп қойып, 2019-2025 жылдарға арналған арнағы мемлекеттік бағдарлама қабылдады.

**— Туристер өз саяхатын жоспарлау кезінде ең алдымен не нәрсеге мән беру керек?**

— Қазір интернеттің дамыған кезі. Егер шет елге барып демалының келсе алдымен баратын мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық жағдайымен танысып алыныз. Одан кейін таңдаған қала, аудан, облыстағы ахуалды білініз. Өйткені, қазір көптеген елдер бұл саладағы халықаралық және әлемдік қауымдастықтардан белгілі бір жерлерде туристер үшін қауіпсіз деген құқықтық мәртебе беретін белгі қоюға рұқсат алға тырысады. Яғни, бұл жерде саяхатшылар үшін қауіпсіздік шаралары барынша сақталып, оған барлық жағдай жасалған. Былтыры, мәселен қазақстандықтар үшін ең танылған ел саладын Түркияның өзінде арнағы белгі орнатылған мұндай жерлердің саны 20 шақтыған болды. Өкінішке қарай, Қазақстанда әзірге ондай бірде-бір орын жоқ. Бұл мәселе тіпті құзырылып орнандар тарағынан қарастырылған да.

Жалпы, саяхатты жоспарлау кезінде отандастарымызға қаржы үнемдемейін деген қауіпсіздікті естен шығарып алмаға көнеш берер едім. Сол себепті ең алдымен кәсіби мамандардан көнеш алуды қажет. Интернеттегі жарнамага сеніп демалыс нысандары мен қонақ үйлерге алдын ала тапсырыс беріп, алайқтарға алданыпдалада қалып қоятын жағдайлар аз емес. Турагенттерге сеніп, уәде еткен туры мен көрсеткен қызметтіне көнілі толмағандар қалтасындағы қаржысынан ғана емес, кейде денсаулығынан да айырылып жатады. Мұндай қының жағдайда қалмас үшін саяхатка шығам деген жан барынша туристік қызметтің барлық түрлері бойынша лицензиясы бар

кәсіби компанияларға жүгінгені дұрыс болар еди.

**— Денсаулық демекші, сақтандыру сертификаты туралы да айта кетсөніз?**

— Кәсіби қызмет көрсететін компаниялар арқылы саяхаттыйтын туристердің бәрінде медициналық сақтандыру сертификаты болады. Олар өз сапары кезінде қандай да бір медициналық көмекті қажет еткен жағдайда оған тәуліктің кез келген үақытында барлық жерде тегін қолжеткізе алады. Сондай-ақ, алғашқы көмектен кейінгі өзге медициналық қызмет ақылы болған жағдайда оған жұмысған қаржысын өз еліне барғанда сақтандыру компаниясы арқылы қайтарып алуына мүмкіндігі бар. Осы арада айта кеттін бір жәйт, туристер тур арқылы келсе де, жеке өз бетімен келсе де қолында сертификаты болған жағдайда алғашқы көмекті тегін, ал өзге ақылы қызметке жұмысған шығынды сақтандыру компаниясы арқылы қайтарып ала алады. Деген-

турристердің ақылы медициналық шығындарын жа-буға белінген қаржының көлемі 10 мың АҚШ долларына дейін болса, еуро қолданылатын елдерде 30 мың еуродан жоғары. Яғни ақылы қызметке жұмысалған қаржы бұл мөлшерден асып кеткен жағдайда туристің қалған шығыны қайтарылмайды.

Сондықтан сақтандыру сертификатының күны бір күнге доллар қолданылатын елде 1-1,5 доллар, еуро қолданылатын елде 1-1,5 евро.

Осы арада тағы бір нәрсе бар, айта кетейін.

Егер шет елде сапарда жүрген адам қайтыс болса оның денесін туған жерге

алып келу сақтандыру сертификаты арқылы тегін жүргізіледі.

Сондықтан кейір адамдардың шетелге саяхаттап кеткен тегін жүргізіледі.







МӘСЕЛЕ

# ЖАМАН НӘРСЕНИЦ ЖАЛАУЫ ЖЫЛДАМ ЖЕЛБІРЕГІШ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жауыздықтың түп тамыры отбасынан бастау алып отырғаны мәлім. Отбасынан кеткен қателікті ешбір мектеп, балабақша мен жоғары оқу орны түзете алмайды. Отбасы – әуелі неге құрудан, екі жастың отау құруынан басталады. Ал біздін ап-ашық, тілті, тыр жаланаш қоғам не істеді? Экономикалық саясатты жолға қоямыз деп, «мүшесаптарды» жарнамалады. Демек, бұл – кез келген жастағы бала мен қызға әлгі презервативен жақындаста, жыныстық қатынасқа түсे беруге болады деген үфым. Сөйтіп, он жақта отырып-ақ жүкті болған қыздар көбейіп, жаңа туған шаранасын да-

лаға тастаның жауыз аналар пайда болды. Баласын тастағандардың әлгі жауыз әкеден несі артық? Оларға да аяушылық болмау керек.

Занды неке ғана тату-тәтті, үбірлі-шүбірлі жаңұяға ұласады. Осы жерде, занды некеге антоним реттінде қабылданып кеткен азаматтық неке деген де дүдемал тіркес қазір сәнге айналған... Азаматтық некеге қатаң тыйым салынуы тиис. Тыйым салынса – әке мен ананың балаға деген жауапкершілігі әлсіремейді. Бұл сөзімнен ши шығарғысы келгендегер мұсылмандыбы ұстап, демографиялық саясатты жалеу етіп, «бейбіше, тоқал» мәселесін қайда қоясзы деп сұрақ сұыртпақтар. Оған бір-ақ жауап: «Құран Кәрім-

де» «Бір ғана әйелмен қанағаттану – қиянатқа бармаудын тұра жолы» деген Жаратқаның сөзі бар. Сонын, (әменгерлік, соғыс жағдайындағы мәселені қоспағанда) «Ереккек кеміндеге төрт әйел алу парыз» емес. Пайғамбар (с.ғ.с.) кезінде сансыз әйелдің қонының бара берушілікти шектеу үшін, «ары кетсе төрт әйелге үйленуге болады» деген пәтәу жасалған...

Тақырыптан ауытқығандай болмайық. Қазақ атамыздың «ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деген мәтепті көптеген отбасы мүшелеріне өз-өзін ақтауға тұрткі болған. Бұл – ете қауіпті сөз. Ұйдыс-аяқ сылдырап тұруы керек екен деп үққан жас отбасы бір-бірімен үй ішінде ғана емес, болар еді.

Бірінші рет үрлықпен ұсталғаның соусағын, екінші рет ұсталғаның қолын кесетін Қытайдың ба-

бейсауыт жүрт көзінше де қыркысып, қырылсып, жанжалдасуға бейімделіп кетеді. Қунде ырыңжырып болатын қүйебек тірлікте соын күйеуінің жұждырығы әйеліне қате тиіп кетуі немесе керісінше де болуы ықтимал. Қоғамда отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі де осындағы себептермен ушыға бермек. Мұндайға көбіне иманы әлсіздер үшінрайды. Иманы әлсіздер жат діни ағым жетегінде де жылдам ереді. Ал адасқандардың «алды бұрындықтар – жөн, арты – соқпак» емес, мұның соны жоғарыдағыдей, үш баласын өлтірген әкенін ісіне әкеледі: «Адасқаның арты – мұнар, алды – қатер». Бұл қатердің алдын алу тек мемлекеттің басындағылардың қолынан келмек. Құқық корғау, зан шығару органдарының белсенділік қажет. Осы орайда, қазіргі үақыттағы өзбек, тәжік, түркімендердің көп нәрсеге қатты тыйым салған тәртіп үлгісінің тозыны емес, озығын алсақ, сауап болар еді.

Бірінші рет үрлықпен ұсталғаның соусағын, екінші рет ұсталғаның қолын кесетін Қытайдың ба-

яғыдағы заңын пайдалана тұрсақ та жаман болмас еді. Өзімізде де телі мен тентегінің жаманатын сыртқа шығармай, дер кезінде тыя білетін талай шаралар бар болатын. Дала академиясы ерекше дамыған дана қазақтың қазіргі үрпағында отбасы, аналар, әкелер институттарының нашар жұмыс істеуі осындағы қаны-пезерліктердің туынна экеліп соғып отыр. Тағы бір айта кетептің жайт, не нәрсенің де ашық ақпарат көзінен талғамсыз таратылуына ел болып, билік пен бұқара болып шұғыл арада тосқауыл қоюымыз керек! Жаман нәрсенің жалауы жылдам желбіре-гіш. Жаман хабар жұқпапы аурудай кебейіш болады. Әдептің қылымдар әсем дүниені алабажақ етеді. Соқыр сенімдер сана сәулесін бітейді. Сонын бұл жалған қайдан қызық болсын өмірге келгеніне екініп жүргендерге...

Үміт БИТЕНОВА,  
акын,

Қазақстан Жазушылар  
одағының мүшесі

ШЫТЫРМАН

## ПАВЛОДАР «МАНЬЯГІ» ҚАЛАЙ ҰСТАЛДЫ?

Көбіміздің сана түкпірімізде Кеңес Үкіметі түсінінде тыныштық пен тұрақтылық орнаған деген пікір қалыптасан.

Тұн жарымына дейін халық қала қөшелерінде еркін қыдырыстал, серуен құрттын. Үй мен пәтер есігін бөлді біреу қаға қалса, қорықпастан есік ашатын дәүір білінбестен өте берді. Дегенмен, сол кездерді мамыражай тыныштық заманы деп айтудың өзі қысынсыз болатын. Кеңес заманы түсінінде да қылымыс атасы үрей мен қорқыныш бұлтын қоялға түсетін. Оны естіген кез келген патриоттың төбе шашы тік тұрады. Талай жерге дейін естілтін үрелі қылымыстық қоғағалардың жиі болатыны ашы болса да шындық еди.

1972 жылдың наурыз айы. Павлодар облысына қарасты Ермак қаласының жергілікті милицияның 8 жасар қызының анасы шағым айта келді. Осы қоғағадан хабардар болған із кешіліптердің ізденісін көпкө дейін ешқандай нәтиже берміді. Ауыр қылымыстық қуәгерлерін табу мүмкін болмады. Сонымен қатар, қатты қорықпалған қызы өзіне шабуылдаған «ағайдың» тұртқын сипаттап бере алмады. Аудандағы бұрын сотты болғандармен жүргізілген тексеру амалдары да мәрдімді ешбір жаңаңылқ әкеле қоймады. Олардың арасында әйел, қызы зорлағандар жоққа тән еді. Ауыр қылымыстық іс көпкө дейін кібіртілген тұруға мәжбур болды. Қалага жақын орналасқан елдің, қызы зорлағандар жоққа тән еді. Павлодар облысының 8 жасар қызы қызының атауы үрей мен қорқыныш бұлтын қоялға түсетін. Оны естіген кез келген патриоттың төбе шашы тік тұрады. Талай жерге дейін естілтін үрелі қылымыстық қоғағалардың жиі болатыны ашы болса да шындық еди.

1972 жылдың наурыз айы. Павлодар облысына қарасты Ермак қаласының жергілікті милицияның 8 жасар қызының атауы үрей мен қорқыныш бұлтын қоялға түсетін. Оны естіген кез келген патриоттың төбе шашы тік тұрады. Талай жерге дейін естілтін үрелі қылымыстық қоғағалардың жиі болатыны ашы болса да шындық еди.

Бір апта әтер әтпестен аудандық бөлімге тағы да бір зорланған жас қызының анасы келіп тұр. Қылымыс «сценарий» алдыңың қылымыса төтті үкес атап... «әлдебір қызық қөрсетем» деген сұлтату... Онаң аргысы белгілі. Бес күн әтпей жатып тағы да бір шағым...

Осы қоғағандар жергілікті милиция басшылығы қанша күш салып жасырын ұстауға тырысқанымен, зорлықшының «көп сериялы қылымы» туралы хабар бүкіл қаланы шарлау кетті. Ермак қаласы аса құшайтілген тәртікке кешті. Кешкілік түрліндар езәр асқып, осы тақырыптың қау жайтты. Көпшілігі кішкентай қызыдағын етіп, көпшілігінде көпшілік мектеп ауласынан өздері күтіп алған. Оның үстінен «іске» аса құлышынспен келді. Тек басындағы бір ғана «ауытқыту» – мәтепті жасындағы қызыдаға тірелеге бергені. Ермактың ой-шұңқырын білуіне қарағанда жергілікті болуы кәдік. Ол әзірге қалада. Жігіттер сеніндер, біз оны ұстаймыз! деген қорытындыға табан тірекен «командировка келгендер» іске күлшінан кіріп кетті.

Жедел топ қауіпті қылымыскерді тұтқындау үшін ен негізгі жорамалды алға тартты. Егер ол

негізісі болып шықса, екінши көзектегі жұмыс іске қосылады. Екінши көзектегі жұмыс іске қосылады, пәтер ұрлығы, арақтың кесірін болған өлімді ашуға машықтанып алған. Табан астынан «жыныстық қатынас маньядыгы» пайда бола кеткені олар үшін төбеден жай түсінмен бірдей еді. Бір сөзben айтқанда, тәжірибесінде аза да олар не істерлерін білmedі. Катты дәғдарды.

ІІМ-нен келген әбжіл мамандар ақылдастып отыр. «Жергілікті маньяды өз іс-әрекетінде дұрыс есеп беретін дені сау адам тәрізді. Себебі, қоғағадан 8 жасар қызының атауы үрей мен қорқыныш бұлтын қоялға түсетін. Оның үстінен «іске» аса құлышынспен келді. Тек басындағы бір ғана «ауытқыту» – мәтепті жасындағы қызыдаға тірелеге бергені. Ермактың ой-шұңқырын білуіне қарағанда жергілікті болуы кәдік. Ол әзірге қалада. Жігіттер сеніндер, біз оны ұстаймыз! деген қорытындыға табан тірекен «командировка келгендер» іске күлшінан кіріп кетті.

Жедел топ қауіпті қылымыскерді тұтқындау үшін ен негізгі жорамалды алға тартты. Егер ол

негізісі болып шықса, екінши көзектегі жұмыс іске қосылады. Екінши көзектегі жұмыс іске қосылады, пәтер ұрлығы, арақтың кесірін болған өлімді ашуға машықтанып алған. Табан астынан «жыныстық қатынас маньядыгы» пайда бола кеткені олар үшін төбеден жай түсінмен бірдей еді. Бір сөзben айтқанда, тәжірибесінде аза да олар не істерлерін білmedі. Катты дәғдарды.

Бір апта әтер әтпестен аудандық бөлімге тағы да бір зорланған жас қызының анасы келіп тұр. Қылымыс «сценарий» алдыңың қылымыса төтті үкес атап... «әлдебір қызық қөрсетем» деген сұлтату... Онаң аргысы белгілі. Бес күн әтпей жатып тағы да бір шағым...

Олар азаматтардың әйел, қызы зорлау тұрғысын-



да шалған қоңырауын зерттеп, болмаған оқиғаның өзін тексеруге дейін барды. Жедел топ үекілдері әрбір ақпарат пен шағын детальдын өзін жіті қадағалап отырды. Екі тәуілкітен сон IIM жедел тобының жетекшісіне «қылымыс қартинасының» сұлбасы көріне бастағандай болды.

Ермакқа барлаушылар келді. Олардың келіп жеткені туралы жергілікті милиция хабарсыз болатын. Себебі, белгілі. Құқық корғаушылардың ақыл-есінен сақтасын, өздерінен өздерінек сөкем жағынан сақтаған. Ермактың милициядан ақпараттық «санылау» кетуі мүмкін деген күмән да жок емес. Алматыдан келген милиция қызметкерлерінің бастамасымен Ермакта азынды 6-дан түнгі 12-ге дейін тәуілкіт кезекшілік тынысын жұмыс жүргізді. Қүшайтілген көше патрульдері аяғынан тік тұрды. Іздеу жұмыстарының жалғасы екі алтапа дейін созылған болатын.

Осы мерзім ішінде Алматыдан жеткен із кесушілер он беске үлкен қылымыс қартинасын түрлінде жасалған аса ауыр қылымыстарды ашып үлгерген еді. Осындағы ауыр қылымыстар қата-рында 40-жастағы азаматтың 8 жасар қызынен бірге «қоңылдатылған» жасап тұрған анықталды. Қара сақалды азаматтың өзі партия мүшесі, «танымал» адам болған. Із кесушілер оны жергілікті милицияның «үлесіне» қалдырып, өздері жақын қалған «түйінді» шешуге барынтысын көріп кесілді.

Белгілі бір генерал ағамыз айтқанда: «Біріншіден, сол кездегі қоғам көзінің «сабын көбігінен» ашылмаған еді. Олай дейтініміз, бізде ондай «құбылыс» болуы мүмкін емес деген жаңсақ үфым. Екіншіден, әлі қүнге дейін әр аймақта орын алып отырған қланыңкү жүйе. Осындағы қатын-семегінен әзірлекке дейін 40-жастағы азаматтың 8 жасар қызынен бірге «қоңылдатылған» жасап тұрған анықталды. Қара сақалды азаматтың өзі партия мүшесі, «танымал» адам болған. Із кесушілер оны жергілікті милицияның «үлесіне» қалдырып, өздері жақын қалған «түйінді» шешуге барынтысын көріп кесілді.

Белгілі бір генерал ағамыз айтқанда: «Біріншіден, сол кездегі қоғам көзінің «сабын көбіг